

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында балаларды тәрбиелеу мен оқыту мақсаты
 - A) балаларды оқыту және тәрбиелеуде ерекше қажетті мүмкіндік жасау
 - B) стандарт талаптарын орындау
 - C) барлық білім беру саласына сай балаларды тәрбиелеуді қамтамасыз ету
 - D) мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке даярлау, бастауыш мектеппен сабақтастықта жұмыс істеуді ұйымдастыру
 - E) осы жас кезеңінде жеке тұлғаны дамыту үшін қажетті бастапқы білімді, білік және дағдыларды қалыптастыру
2. Педагогикалық теорияның бастапқы ұстанымы туралы білім жүйесі, мектепке дейінгі білім, оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесінен алған зерттеу әдістерін қарастыру қағидаттары
 - A) қоғамдық әлеуметтік ғылымдар әдіснамасы
 - B) педагогикалық зерттеулер әдіснамасы
 - C) жалпы педагогика әдіснамасы
 - D) арнайы пәндік әдіснама
 - E) мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы
3. Балалар еңбегін ұйымдастыру формалары
 - A) үй еңбегі, балабақшадағы еңбек, ақыл-ой еңбегі
 - B) тапсырма беру, кезекшілік, сабаққа даярлану
 - C) үй жұмысын орындау, тапсырма беру, кезекшілік
 - D) шаруашылық-тұрмыстық жұмыс, табиғаттағы еңбек
 - E) тапсырма беру, кезекшілік, ұжымдық еңбек
4. Мектепалды даярлық топ педагогінің жұмыс бағыты
 - A) «отбасы-мектеп-бала» сабақтастығы
 - B) «балабақша-мектеп» байланысы
 - C) «бала-мектеп-жоғары мектеп» сабақтастығы
 - D) «бала-отбасы-мектеп» сабақтастығы
 - E) «отбасы-балабақша-мектеп» сабақтастығы
5. Балалардың белсенді танымдық қызығушылықтарын арттыруда анимациялар, фильмдер, интербелсенді әдістер мен слайдтарды қолдануға мүмкіндік береді
 - A) сыни тұрғыдан ойлау технологиясы
 - B) дамытып оқыту технологиясы
 - C) саралап оқыту технологиясы
 - D) модульдік оқыту технологиясы
 - E) ақпараттық-коммуникативтік технология
6. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының балаларды тәрбиелеу шарты
 - A) педагогикалық ағарту, насихаттау жұмысын орындау
 - B) жұмысты мақсатты, жоспарлы, жүйелі түрде жүргізу, отбасымен ынтымақтастық орнату, ата-аналарға педагогикалық білім беру
 - C) стандарт және бағдарлама талабын орындау
 - D) отбасылық белсенділікті арттыру
 - E) отбасы мен балабақша сабақтастығын құру арқылы бала дамуына қолайлы жағдай жасау, шығармашылық, әлеуметтік жұмыс жасау

7. Тәрбие әдістері

- A) ойды дамыту, сұрақ-жауап, тапсырмаларды шешу, денені дамыту, ынталандыру
- B) танымдық, шығармашылық білім беру саласын жетілдіру
- C) табиғи көркемдікке баулу әдісі, отбасы ықпалын арттыру
- D) жағдайды талдау, сендіру, ынталандыру, талап қою, жарыс, мадақтау, жазалау
- E) көркем талғамды дамыту, сезімдік-дамытушылық әдістер

8. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық ұғымдарын қалыптастыруға бағытталған оқу қызметі

- A) жаратылыстану, топсеруен, табиғатпен таныстыру
- B) қоршаған ортамен таныстыру, топсеруен, айналамен таныстыру
- C) жаратылыстану, қоршаған ортамен таныстыру
- D) экология негіздері, жаратылыстану, қоршаған ортамен таныстыру
- E) экология негіздері, қоршаған ортамен таныстыру

9. Мектепке дейінгі педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері

- A) ғылыми және әдістемелік
- B) теориялық және эмпирикалық
- C) теориялық және практикалық
- D) теориялық және эксперименттік зерттеушілік
- E) теориялық және әдіснамалық

10. Д.Б.Эльконин балалардың жас кезеңдерге бөліну ерекшеліктерін байланыстырды

- A) балалардың физиологиялық дамуына байланысты
- B) биологиялық ерекшеліктеріне байланысты
- C) ортасына байланысты
- D) балалардың әлеуметтенуіне байланысты
- E) балалардың жетекші іс-әрекетінің ауысуымен